



Л.Т. Тлегенова<sup>1</sup> , А. Маулет<sup>2</sup> \*, Т.Т. Аршабеков<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: tlegenova\_lora@mail.ru; mr.ardabi@mail.ru; temir\_amir@mail.ru)

## Кәрі (қары) жіліктің қорғаныс күшіне байланысты наным-сенімдер (Сарыарқа өңірінің этнографиялық материалдары негізінде)

Қазақ халқының мәдениетінде оның наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі маңызды орын алады. Олар халықтың өткен тарихымен де, оның бүгінгісі және болашағымен де тығыз байланысты. Мыңжылдықтар бойында дамып келе жатқан осы мәдени мұра, этнос дүниетанымының тұтас жүйесі мен қоршаған ортамен өзара әрекеттесу амалдарын ұсынады. Қазіргі уақытта жаһандану, ғылыми дүниетанымының таралуына қарамастан, этникалық құндылықтар дәстүрлі мәдениеттің көптеген салаларында сақталуда. Сонымен қатар, қазақ даласында бірнеше ғасыр бойында ислам басты дін ретінде таралғанымен, халық арасында дәстүрлі дүниетаным өзінің өміршеңдігін көрсетті. Бүгінгі таңда елдің әр аймағында ертеден қалыптасқан дәстүрлерді сақтаушылар, жалғастырушылар бар. Олар туралы мәліметтерді жинау және насихаттаудың маңыздылығы жоғары. Мақалада авторлар этникалық құндылықтардың қазіргі уақыттағы сақталу жағдайын кәрі (қары) жілікке байланысты наным-сенімдер мысалында қарастырады. Басты дерек ретінде 2021-2022 жылдары Сарыарқа өңірінде жүргізілген этнографиялық экспедициясының материалдары алынды.

*Кілт сөздер:* кәрі (қары) жілік, сүйек, наным-сенімдер, ырым, Сарыарқа, ұлт, құндылықтар, дәстүр, этнография, ұрпақтар сабақтастығы.

### *Kipicne*

Қазіргі заманда жаһандану үрдісінің әлем елдерін кеңінен қамтуы, әр ұлттың ертеден мұра болып келе жатқан дәстүрлерін сақтап қалу мәселесінің өзектілігін арттыруда. Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың қажеттілігі туралы алғаш рет 1989 жылы айтыла бастады [1]. Ғалымдардың ұзақ пікірталастары негізінде 2003 жылдың 17 қазанында Париж қаласында Халықаралық Конвенция қабылданды. Ол құжат бойынша материалдық емес мәдени мұра — «қоғамдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жекелеген адамдар өздерінің мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде таныған әдет-ғұрыптарды, түсініктері мен пайымдарының нысандарын, білім мен дағдыны, сондай-ақ олармен байланысты құралдарды, заттарды, артефактілерді және мәдени кеңістікті білдіреді» [2; 5]. Сонымен қатар, онда ұрпақтан ұрпаққа берілетін осындай материалдық емес мәдени мұра қауымдастықтармен және топтармен оларды қоршаған ортаға, олардың табиғатпен өзара іс-қимылына және олардың тарихына байланысты тұрақты түрде қайта жасалатындығы және адам шығармашылығы мен мәдени әртүрлілікті құрметтеуге ықпал ете отырып, оларда төлтума ерекшелік пен ұрпақтар сабақтастығы сезімін қалыптастыратындығы көрсетілген.

Материалдық емес мәдени мұраға тіл, орындаушылық өнерлер, мейрамдар, табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар жатады. ЮНЕСКО құрамындағы мемлекеттер аталған нысандарды қазіргі уақытта барынша анықтап және сақтауға барынша мүдделі болып отыр.

Бүгінде сақтаушылары сиреп, жоғалуға шақ қалған сан-салалы фольклорлық мұраларымыз, орындаушылық өнер мен көне наным-сенімге қатысты дағдылардың сирек нұсқалары, жарапазан, сыңсу, жоқтау, қара өлең, ән, күй, қисса-дастан, бата, жұмбақ-жаңылтпаш, әдет-ғұрыптар, ырым-тыйымдар, қазақтың дәстүрлі емшілігі т.б. рухани мәдени мұраларымыз Қазақстанның ұлттық идеологиясын қалыптастыратын ең басты кодымыз.

Мақаланың мақсаты — Сарыарқа қазақтарында сақталған рухани мәдени мұралардың (кәрі жіліктің қорғаныс күшіне байланысты наным-сенімдер мысалында) қазіргі жағдайын анықтап, кеңінен насихаттау. Оның негізіне Қазақстан Республикасының үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 613 қаулысымен ратификациялаған Конвенциясы [3] және 2013 жылғы 29 сәуірдегі

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [mr.ardabi@mail.ru](mailto:mr.ardabi@mail.ru)

№ 408 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдамасында көрсетілген міндеттер [4] алынды. Бұл болашақта Сарыарқадағы рухани мәдени мұра элементтері мен оларды сақтаушы мұрагерлердің толық ұлттық тізімін жасауға зор мүмкіндік береді. Арқа қазақтарында рухани мұраны жас ұрпаққа тікелей тасымалдаушы егде жастағы мұрагерлердің бүгінде күн санап өмірден өтуіне байланысты, олардың жадында сақталған осы құндылықтарымызды жинау, сақтау, зерттеу мәселесі барынша өзекті болып отыр.

### *Зерттеу әдістері*

Тақырыпты зерттеу барысында, этнологиядағы психологиялық-эволюциялық мектептің (кеңінен классикалық немесе салыстырмалы-антропологиялық деген атпен белгілі) жақтаушысы болған Л.Я. Штернбергтің тұжырымдамалары пайдаланылды.

Мәселені зерттеуде сипаттау, анализ және синтез сияқты жалпы ғылымдық, сонымен қатар, тарихи-салыстырмалы арнайы ғылыми әдістері қолданылды. Сипаттау әдісі кәрі (қары) жілікке байланысты наным-сенімдер туралы ақпарат беруде пайдаланылды. Анализ және синтез әдістері қарастырылып отырған наным-сенімнің ерекшеліктерін анықтауда, ал тарихи-салыстырмалы әдіс кәрі (қары) жілікке байланысты деректерді талдауда қолданылды. Этнографиялық экспедиция ұйымдастыру барысында, этнографиялық материалды жинау әдістері (бақылау, сұхбат алу, ауызша және заттық деректерді анықтау және бекіту, деректерді өңдеу) пайдаланылды.

### *Талқылау және нәтижелері*

Көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың басты шаруашылық қызметі мал бағумен байланысты болатындығы белгілі. Мал шаруашылығы қатал табиғат жағдайында көшпелілерді тіршілікке қажеттінің барлығымен қамтамасыз етті. Соған сәйкес, көшпелі қоғамда мал басын сақтау, оның санын көбейту аса маңызды болды. Нәтижесінде әр жыл мезгіліне сай мал жайылымдарын реттеу, малды қорғау, көбейту, емдеу т.б. байланысты дәстүрлі жүйе қалыптасты. Малды қорғауға қатысты магиялық әрекеттер де орын алды. Олардың ішінде, малды, үй-жайды қорғауда кәрі (қары) (әрі қарай — кәрі жілік) жіліктің маңыздылығы ерекше.


Кәрі жілік — мал етіндегі жіліктің басты бөлігі. Ол жабыса біткен жанама сүйегі бар, қолдың қары бөлігінде орналасқан. «Кәрі» деген атауының өзі сол «қары» сөзімен байланыстылығын көрсетеді. Оның қорғаныс магиясындағы мағынасын қарастырмас бұрын, жалпы осы жілікке байланысты халық арасында қандай түсініктердің бар екендігіне тоқталамыз.

Қазақ ұғымында кәрі жіліктің алатын орны ерекше. Қазанға ет салғанда алдымен кәрі жіліктен бастап салады. Себебі оны қасиетті деп, еттің бәрін осы жілік ұстап тұрады деп сенген. Оны шақпайды. Құда табаққа салмайды, жалпы, қонаққа, бөтен, жат адамға емес, керісінше «ағайын мінемейді» деп ауыл адамдарының табағына салған, яғни ол ағайын арасының, отбасы мүшелерінің сыбағасы екендігін білдіреді [5; 21]. Ас мәзірінде сыйлы адамға бас тартқанда, жамбас орнына кәрі жілікті ұсыну әбестік болып саналмайды. Сырттай қарағанда еті сіңірлі сияқты көрінгенімен, шын мәнінде жұмсақ болады. Сол себепті қарт адамдардың несібесі болып есептеледі. Бас, жамбастан кейін үшінші орында тұрған кәделісі де осы кәрі жілік [6].

Қонақ табағына салынса құт сол адамға, бөгдеге кетті деп ырымдайды. Егер байқаусызда салынып кетсе, қонақ білдірмей тығып алуға тырысады. Өйткені ол ырыс-құт бұйырып тұр деп ырымдаудан туындайтын салт бойынша жасалады. Кәрі жілікті қазақ өсіп келе жатқан қыз балаға «оң жақта отырып қаласың» деп ұстатпаса, «сүр бойдақ боласың» деген сенім бойынша бойдақ жігітке де бермейді [5; 21-22].

Дегенмен, кәрі жілікке байланысты халық арасында сақталған наным-сенімдер негізінен, оның қорғаушы қасиетіне қатысты айтылады. Кәрі жілікті ердің алдыңғы қасына іліп, жылқы мен ертұрманды сақтаушы ретінде түсінген. Кейбір өңірде тіл-көз сұғынан сақтайды деп бота мойнына таққан. Ботаға арналып жасалған сондай кәрі жілік Ресей этнографиялық музейінде (Санкт-Петербург қ.) сақталған. Қойдың кәрі жілігі ала жіпке ілініп, жүнге оралған. Ала жіп сұқ көзді тайдырып, ал жүн жылу мен оң энергияны сақтайды деген түсінікпен байланысты болуы мүмкін. Бұл жәдігерлерді тек арнайы экскурсиялар кезінде ғана көруге болады. Этнографтар осындай заттарға құрметпен қарап, тылсым күштердің тыныштығын бұзбауды айтады. Аталған музейдің Кавказ, Орта Азия және Қазақстан халықтарының этнографиясы бөлімінің меңгерушісі Л. Попова: «Әрине, қазір ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз, бізде ғылыми ойлау үстемдік етеді. Бірақ дәстүр бойынша, ал қазақтар өз салт-

дәстүрін өте құрметтейді, оны аталарымыз бен әжелеріміз қалай ұстанса, солай жасаған дұрыс. Одан тек пайда болмаса, жамандық көрмейміз» [7], – деген пікір білдіреді.



Кәрі жілік байланған тұмар. Р. Карутцтың «Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке (СПб., 1911. 130-бет)» атты еңбегінен

Қойдың кәрі жілігі туралы ырымның ел ішінде ертеден келе жатқанына Ш. Уәлиханов назар аударған. Ол: «жануарлардың сүйектерінде құдіретті күш бар. Қазақтардың ойынша қары жілік малды ит-құстан сақтаушылық қасиеті жағынан бақташыдан кем түспейді. Ұры-қарыдан, қасқырдан малды аман сақтайды. Сүйек осы күйде құрық ұстаған бақташыға ұқсайды. Қазақтардың наным-сенімдерінде, қары жілік адамға ұқсаған бейнесімен ұры-қарыдан сақтайды. Қазақтар бұл сүйекті — қары жілік дейді. Осы қары жілікті қазақтар ер-тұрманның әбзелі есебінде және ат пен ертоқымды сақтаушы деген нанымда, ердің алдыңғы қасына іліп қояды», [8; 110] — деп қары жіліктің көнеден келе жатқан ырым екенін жазады. Кәрі жіліктің халық арасында қорғаныс магиясында қолданылуының себебі, оның пішінінің ерекшелігімен сипатталуы мүмкін. Жанама біткен сүйегін кәрі жіліктің қамшысы, құрығы, ілдіргесі (ілемек біздің ұшында жіп іліп алуға қолайлы ілмегі болады, оны ілдіргі деп атайды. Ілдіргі қармақ, қадамыш, шаншар, шәңгек, шөп суырғыш сияқты құрал-саймандарда да кездеседі) деп атайды [5; 21]. Л. Штернберг фетишизмнің антимистік дүниетанымның толыққанды даму кезеңінде ғана пайда болғандығын тұжырымдай отырып, «материалдық заттан фетиш жасау үшін алғашқы қауымдық кезеңнің адамында ол заттың басқалардан қандай да бір белгілерімен ерекшеленеді деп ойлайтын негізі болуы керек», – дейді [9; 214]. Егер осы объект ерекше пішінге ие болса немесе қандай да бір әдеттен тыс жағдайда табылса, сонымен бірге кездейсоқ қандай да бір ерекше жағдаймен — сәттілікпен немесе керісінше, бақытсыздықпен бірге жүрсе... онда мұндай жағдайлардың бәрінде алғашқы қауым кезеңінің адамы бұл объектіні жай емес, құдіретті зат деп танып, егер оны күтіп ұстаса, ол адамға көмектеседі деп ойлаған. Ғалымның алғашқы қауымдық қоғамдағы фетиштерге байланысты тұжырымдамасын ескерсек, кәрі жілікке байланысты наным-сенімдердің қалыптасуының ежелгі дәуірлерге апаратындығын байқаймыз. Оны археологиялық қазба жұмыстар барысында көптеп табылып жатқан кәрі сүйектер де дәлелдей түседі.



1-сурет. Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданы  
Амандық ауылының тұрғыны Әлия Баратбекқызы

Халық түсінігінде кәрі жілікті адамдар өздері мүжіген соң, үй босағасына мал аман болады, үйді, малды ұры-қарыдан, пәле-жаладан сақтайды деп іліп қояды. Кәрі жілікті тек үй, қора-қопсыға ғана емес, сонымен қатар, басқа да шаруашылық орындарда пайдаланған. Мысалы, жаңа ұстахана салғаннан кейін, оның оң босағасына кәрі жілікті іліп қоятын болған [10; 116]. Этнографиялық экспедиция барысында халық арасында жалпы малдың сүйектерін қасиетті санап, ол сенімді тұрмыста пайдаланушылар кездесті. Ақмола облысы Целиноград ауданы Қосшы қаласының (мәлімет алынған 2021 жылы Қосшы Целиноград ауданының құрамында болды) тұрғыны Сәуле Мажиева (туған жері Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы) бала күнінде ұста болған атасынан көрген екі ырымды, әлі күнге дейін өз отбасында ұстанып келе жатқанын айтады: «Мен өскен отбасында ер балалар аз болып, бала күнінде ауылда ұста атамның көрігін басып, көмекші болып ұл бала сияқты қасында жүрдім. Ауыл адамдары атама үй, қора-қопсы салдыратын. Қазақ үй немесе қора салса алдымен мал сойып, кісі шақырады. Сонда атам еті желініп болған малдың сүйек-саяқтарын жинап орап, дұғасын оқып салынып жатқан үйдің, не қораның іргетасына, қабырғасына салып қалап жібереді. Оның мәнін сұрағанда, атам бұрыннан келе жатқан қазақтың ырымы екендігін, үйге, қораға ұры-қары түспейтіндігін, пәле-жаладан сақтайтындығын айтқан болатын. Міне, бүгінге дейін қайда көшіп-қонсақ та, мен өзімнің бала-шағама, бұл біздің ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан ырымы деп үйретіп, қолданып келеміз. Атамның бұдан бөлек және бір айтқан ырымы — қойдың кәрі жілігін тесіп қораның ішіне іліп қоятын. Малдың кәрі жілігін қораға іліп қойса, ешқашан қораға ұры түспейді, жау алмайды деген сенімде болатын» [11; 138].

Этнографиялық экспедиция материалдарындағы кәрі жілікке қатысты ақпараттар мағынасы жағынан Ш. Уәлихановтың жазбаларындағы мәліметтерге ұқсас. Ғалым қойдың кәрі жілігіне байланысты былай деп жазады [8; 110]: «Осы сенімнің негізінде мынадай бір аңыз бар: ұрылар бірнеше күн, бір қазақ байының малын торыпты. Түні бойы малдың маңында құрық ұстаған кісілер жүріп, ұрылар ештеңе ала алмайды. Ұрылар өзара ақылдасып: байдың қызы мен елінен басқа қорған болатын не ұлы, не құлдары, не туыстары жоқ. Осынша адам қайдан пайда бола кеткен деп таңданысады. Содан соң ұрылар құдайы қонақпыз деп, байдың үйіне барады. Бай қой сойып, ұрыларды әбден тойдырады. Байдың адал ниетіне риза болысқан ұрылар тұрып, бірнеше күннен бері малыңды торып ештеңе ала алмадық, қандай қасиетіңіз бар? – деп сұрайды. Бай сонда: – ешқандай да қасиетім жоқ, көріпкелім және жоқ. Менің бұзылмайтын бір-ақ заңым бар. Әкем өлерінде бір өсиет айтып еді: «балам мен саған бір өсиет айтам, егер соны орындасаң дәулет басыңнан ұшпайды. Қанша қой сойсаң, қары жілігін тастама, оларды кептіріп босағаға, шаңыраққа іле бер» деген. Мен сол әкем айтқан өсиеттен әлі күнге дейін айнығаным жоқ. Құдайға шүкір, мен малымнан тышқақ лақты қасқыр жеп немесе жоғалғанын көргенім жоқ, — дейді. Ұрылар жан-жағына қараса, соншама көп қары жілікті — қары сүйекті көреді. Оларға байдың малын қорып жүрген көп бақташылар болып көрінген

осы қары жіліктер екен» деген аңыз арқылы, қазақтың ескі наным бойынша, қары жіліктің ұры-қарыға адам болып көріну арқылы, мал-жанды аман сақтап отырғанын айтып отыр. Ш. Уәлихановтың осы келтірген аңызы мен біздің зерттеу экспедициямызда жазылып алынған, малдың кәрі жілігі туралы аңыз-әңгімеден, қазақтың көне наным-сенімдерінің ежелден қазірге дейін, халық жадында сақталып, жалғасып келе жатқандығын анық көре аламыз.

Зерттеу барысында кәрі жіліктің тек мал, үй және шаруашылық нысандарын ғана емес, сонымен қатар, адамдардың өздерін қорғайтын қасиеті жайлы ақпараттар да жинақталды. Ақмола облысы Есіл ауданы Игілік ауылының тұрғыны Қуан Жұбатханқызы Моңғолиядан Ақмола жеріне көшіп келген қандас. Ол қойдың кәрі жілігін үйдің босағасына іліп қою ырымы туралы былай дейді [11; 138-139]: «Біздің бала күнімізде ата-әжелеріміз, кәрі жілік отыңның басын, ошағынның қасын сақтайды. Кәрі жілікті шақпа, адам жүретін жолға тастама деп отыратын. Сонда бұл қандай ырым деп сұрағанымда, әке-шешем мынадай бір аңыз айтып беріп еді: Бұрынғы бір заманда бір байдың жалғыз ұлы алыс сапарға жолға шығатын болыпты. Сонда бай жалғыз ұлын қимай, алыс сапарға шықпа десе, баласы көнбей ақыры жолға шығады. Бай баласына кілең кәрі жілік оралған бір дорбаны ұстатып, қайтып оралғаныңша дорбаның аузын шешпе, – деп аттың қанжығасына байлап беріпті. Бала еліне қайтар жолда адасып, ас-сусыз қалады. Сосын жаны қысылғанда жаңағы әкесі берген дорбаның түйіншегін шешсе, 40 тал кәрі жілік екен дейді. Әкем неге бұлар салып берді екен деп ойланады. Содан бала кәрі жіліктерді шағып майын жеп, қорек етіп аман қалады да, үйіне жақындағанда қарақшылар баланы ұстап алып, – сенің қасыңдағы 40 жолдасың қайда? – дейді. Бала сасқалақтап, менің қасымда ешқандай адам болған жоқ жалғыз өзім жолаушы жүріп келемін, – дейді. Содан бала қарақшыларға, не қаласандар да беремін. Тек мені әке-шешеме бір рет кезіктіріңдерші, – деп жалынады. Содан қарақшылар баланы ата-анасына жібереді. Сонда әкесі: «Сенің қанжығандағы түйіншек қайда? – деп сұрайды. Бала, мен оны сіздер алжасып салып берген шығар деп, жеуге тамақ таппаған соң, барлығын шағып, ішіндегі майын жеп қойдым, содан қарақшылар ұстап алды, – дейді. Әкесінің баласына жіліктерді түйіп бергені, 40 кәрі жілік сырттан қараған ұры-қарақшыларға 40 адам болып көрініп, олар жақындауға бата алмай жүреді екен. Баласы байқамай кәрі жіліктерді шағып жеп қойғасын, қарақшылардың көзіне баланың қасындағы 40 жолдасы жоқ болып, жалғыз өзі қалғандықтан, оны бірден ұстап алған екен. Сондай ырымның бұрыннан барын білген әкесі, жолаушылап кеткен баласының қасында 40 серігі болсын, ұры-қарыдан аман келсін деп, 40 кәрі жілікті әдейі ырымдап қанжығасына байлап берген. Қазақтың көне ырымында, кәрі жілік адамның өз басын, мал басын сақтайды деген наным бар. Сондықтан, қазақ о бастан кәрі жілікті қастерлеп үйдің кіреберісі, керегеге немесе қораның ішіне іліп қояды әдетке айналдырған».

Жоғарыдағы кәрі жіліктің жолаушыны қорғауы, оның санына байланысты (40 адам) әңгіменің тағы бір нұсқасы келесідей айтылады [12]: «Ертеде байдың жалғыз ұлы болыпты. Ол керуен тартып, қалаға аттанады. Сапарға шығар кезде әкесі: – Балам мына кәрі сүйекті қойныңа салып ал. Қауіп-қатерден аман боласың, дейді. – Әке, сенің-ақ ырымың таусылмайды екен, – деп ұлы немқұрайлы қарайды. Бірақ әке көңілін қимай, көп қапшықтың біріне лақтыра салады. Межелі жеріне жетіп, саудасын жасап, елге қайтады. Жолда керуенге қарақшылар шабуыл жасайды. Бала не істерін білмей, қатты сасады. Сол кезде артқы жағынан қарулы жасақ пайда болып, қарақшыларға қарсы ұмтылады. Тонаушылар сескеніп, кейін шегінеді. Қапылыста бір қарақшының қаңғыған оғы баланың аяғына тиіп, жараланып қалады. Ғайыптан пайда болған жасақ керуенді аман-есен елге жеткізеді. Бірақ ел шеті көрінгенде көзден ғайып болады. Бала үйіне келіп, әкесіне болған жағдайды айтады. Сонда әкесі: – Ұлым ырымның сырын енді түсінген боларсың. Кәрі жілікке Құдай осындай қасиет дарытқан. Сен балалық қылып, кәрі жілікті көп қапшықтың біріне салдың. Сонда да керуенің Ғайып Ерен Қырық шілтенің шылауында болды. Егер ықыласың күшті болғанда жебе де дарымас еді, – дейді. Міне, осыдан бастап ел аузындағы «Кәрі жілік ер жігітті қырық қауіптен құтқарады» деген сөз содан қалса керек.

Кәрі жілікке байланысты сақталған наным-сенімдер мал шаруашылығымен айналысқан басқа халықтарда да кездеседі. Қырғыздар, буряттар мен түрікмендерде кәрі жіліктің қорғау, сақтау қасиеті бар деген нанымдар бар [5; 22]. Монғолдардың қорғаныс магиясында аталған жілік ең маңызды болып табылады. Сүйекті үйді жамандықтан сақтап тұратын қасиеті бар деп сенеді. Кәрі жіліктің қорғаушы қасиетіне байланысты аңыздар бар. Олардың мағынасы қазақтардың арасында сақталған аңыз-әңгімелерге ұқсайды. Мысалы, ертеде жас жігіттің соңына сарбаздар түседі. Күні бойы қашып, кешке үйге келгенде, анасы қарсы алады. Баласы оған артынан қуғыншылардың келе жатқанын айтып, әрі қарай қашқысы келді. Бірақ, анасы олардың ұстап алатындығын, үйде қалу қажеттілігін

айтып баласын тоқтатады. Ол жігітті шатырға жасырады. От жағып, ошақты айналдыра ши өткізілген кәрі жіліктерді орналастырады. Көп ұзамай қуғыншы сарбаздар шатырға жақындайды. Алыстан оларға шатырдың ішінде үлкен әскер отырғандай көрінеді, яғни ши өткізілген кәрі жіліктердің сұлбалары найза ұстаған сарбаздарға ұқсап тұрады. Қуғыншылар шатырға қарауға да қорқып, кері бұрылады [13; 63]. Сол оқиғадан кейін, кәрі жілік монғолдардың арасында қасиетті санала бастаған.

Кәрі жілікке байланысты наным-сенімдердің кеңес дәуірі жылдары ұмытылмай, халық арасында оның қорғаныс қасиетіне сеніп, пайдаланғандықтары туралы ақпараттар бар. Аңғар Смағұлов XX ғасырдың екінші жартысында болған бірнеше оқиғаларды баяндайды [6]. Оның бірі 40-жылдардағы соғыс уақытында болған оқиға: «Соғыс жылдары Шет ауданының Қарабұлақ ауылында Смағұлұлы Әбдірақым деген ақсақал өмір сүрген. Халықтың тұрмысындағы жетіспеушілік көптеген қиыншылықтар тудырды. Бригадирлер егіні орылған алқаптағы масақты алуға рұқсат бермей, реті келсе бір қалта масақ үшін соттатып жіберген оқиғалары көп болды. Бірақ бала-шағаны сақтау қамымен басын қатерге тігіп, масақ теруге Әбдірақым ақсақалдың барғандығы есіме түсіп отыр. Бригадирі бар, тағы басқа белсенділері бар, ақсақалдың егіс алқабына бет алғанын аңдып жүргендер қылмыс басында қолға түсірмек болады. Дорбасының аузын буып, ауыл жаққа бет алғанын көрген ізшілер ұстайтын болдық деп қуанып, алдыңғы жағын торуылдап, жоспарлы қимыл жасайды. Сол екі ортада жан-жақтарын тұман басып, қайдан келіп, қайда тұрғандарын білмей қалады. Міне, кәрі жіліктің кереметі».

Жоғарыдағы сұхбат берушінің келесі берген ақпараты XX ғасырдың 90-жылдарына қатысты: «1990 жылдың мұғдары. Ұрылар бірнеше күн бойы ауқатты ақсақалдың үйін торуылдайды. Ақсақал байлығымен қоса, ел ішінде беделі бар аз ғана адамның бірі. Ең қауіптісі сол, бойында тылсым қасиеті бар. Үйінде отырғанда ол үйден сабақты ине ұрлап әкету мүмкін емес. Содан ұрының бастығы сол үйдің маңайына қарауыл қояды, ақсақал жол жүріп кеткен күні ойларындағы арам ісін асырмақшы. Күндердің күнінде үй иесі сапарға аттанады. Сол түні сайланып келген ұрылар көздеп келген үйінен қайта-қайта адаса береді. Үйге жақындай бергеннен көз алдары мұнартып тұман басып кетеді. Осы жағдай бірнеше қайталанғаннан кейін кері қайтады. Жасап жатқан істерінің бұрыстығын сезеді, өздеріне бір кереметтің бөгет болып тұрғанын анық ұғынады. Артынан сұрастырып білсе, бұлардың торуылдап жүрген көлік гаражының ішкі маңдайшасында тізілген кәрі жіліктер самсап тұр екен. Ұрылар ақсақалдың қымбат көлігін айдап кетпекші болған».



2-сурет. Шебер Қылышбек Құрмановтың жасаған үй тұмары

Ерте замандардан жоғалмай, сабақтасып келе жатқан кәрі жілікке қатысты наным-сенім, ырымдардың бүгінгі күнде жаңаша мағынада түрлену құбылыстары да байқалады. Соның бірі, қарастырылып отырған жіліктің үй тұмарларын жасауда пайдаланылуы. Ұсынылып отырған 2 суретте үй тұмарына жауырын, асықпен қатар кәрі жіліктің де бекітілгендігін көре аламыз. Мәдени құндылықтарды сақтауда, насихаттауда осындай жаңашыл идеялардың оң нәтиже берері сөзсіз.

### Қорытынды

Көшпелі қазақтардың негізгі кәсібі — мал шаруашылығы, күрделілігі жағынан басқа шаруашылық жүйелерінен кем түспеді. Оның негізінде, ғасырлар бойында ауқымды білім мен тәжірибе жүйесі қалыптасты. Әр жыл мезгілінде төрт түлік малды азықпен қамтамасыз ету үшін жайылымдықтардың қорын анықтап, білу — малшылық тәжірибенің негізі болды. Одан басқа, малды әр түрлі аурулардан, жыртқыштардан, ұрылардан қорғауға бағытталған магиялық іс-әрекеттер мен заттардың кешені көшпелілердің тұрмысында маңызды орын алды. Осылардың негізінде қалыптасқан этникалық құндылықтар бүгінде халық арасында өз бояуын жоғалтқан жоқ. Әрине, тарихи даму кезеңінде ислам дінінің, кеңестік дәуірдегі идеологияның әсерлері болды. Дегенмен, дәстүрлі мәдениет халық арасында ұмытылмады.

Зерттеу барысында байқағанымыздай, кәрі жілікке байланысты наным-сенімдер өз мәнін жоғалтпаған. Халық арасында оған байланысты көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. Олардың мазмұндары өзара мағыналас болып келеді. Аталған жілікке қатысты наным-сенімдердің ішінде, оның қорғаныс қасиетінің ерекше маңызды екендігі байқалады. Кәрі жілікке қатысты ақпараттарды сақтаушылармен қатар, оны тұрмыстық тәжірибеде қолданушылар да бар. Ол малды, мал тұрған қораны қорғау үшін ғана емес, сонымен бірге, үй-жайларды, адамдарды да қорғау мақсатында пайдаланылған. Қазіргі уақытта кәрі жілікті қораға да, үй ішіне де және басқа да шаруашылық орындарға ілу тәжірибелері кездеседі. Сонымен қатар, аталған жілікті үй тұмарларын жасауда пайдалану жаңашылдықтары да бар.

Зерттеу барысында кәрі жілікке байланысты наным-сенімдер туралы көп жағдайда 40 және одан жоғары жастағылардың ғана хабардар екендігі байқалды. Тағы бір назар аударатын мәселе, халық арасында салафи ағымы сияқты әртүрлі сектанттардың халықтық наным-сенімдерге байланысты қарсы көзқарастары, дәстүрлі мәдениет элементтерін сақтауда кедергілер келтіреді. Бұл жағдай, мәдени құндылықтарды балалар мен жастар арасында кеңінен насихаттаудың қажеттілігін көрсетеді. Сол кезде ғана өткен тарихтың барлық саласына қатысты ақпараттар ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Ұрпақ сабақтастығының сақталуы, жаһандық сын-қатерлерге қарсы тұруға мүмкіндік беріп, жеке тұлғаның психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндігі белгілі. Ұлттың өткенмен байланысын сақтай отырып, жаңа заманға бейімделу қабілетін қалыптастыруда мәдени құндылықтардың маңызы аса жоғары.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР14972919 «Ұлттық бірегейлік аспектісінде, шетелден оралған қазақтардың музыкалық мәдениетінің аймақтық-орындаушылық стилін тарихи-мәдени тұрғыдан зерделеу» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жазылды.*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Конвенция об охране нематериального культурного наследия. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/cultural\\_heritage\\_conv.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml)
- 2 Международная конвенция об охране нематериального культурного наследия. Париж, 17 октября 2003 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://ich.unesco.org/doc/src/2003\\_Co](https://ich.unesco.org/doc/src/2003_Co)
- 3 «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 613 Қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000613>.
- 4 Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408>.
- 5 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия / ред. Н.Әлімбаев. — Алматы: РПК «СЛОН», 2012. — 3-том: К – Қ. — 736 б.
- 6 А. Смағұловпен сұхбат. 2022 ж.
- 7 Куршук Е. Этнографическая редкость: музей Петербурга хранит казахские амулеты для верблюжат / Е. Куршук. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://mir24.tv/news/16504493/etn>
- 8 Уәлиханов Ш. Тәңірі. Таңдамалы / Ш. Уәлиханов. — Алматы: Полиграфкомбинат, 2013. — 392 б.
- 9 Штернберг Л.Я. Первобытная религия в свете этнографии / Л.Я. Штернберг. — Л., 1936. — 603 с.

10 Сураганова З.К. Культ кузнеца у казахов: традиционные представления, ритуальные, мифологические и фольклорные аспекты / З.К. Сураганова, З.З. Казанбаева // Археология Евразийских степей. — 2022. — № 2. — С. 115–121.

11 Маулет А. Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. I том = Нематериальное культурное наследие Акмолинской области: комплексные экспедиционные исследования. Т. I = Intangible cultural heritage of Akmola region: comprehensive expeditionary research. Vol. I / А. Маулет. — Астана, 2022. — 600 б. (қазақ, орыс, ағылшын тілінде).

12 Е. Серімовпен сұхбат. 2022 ж.

13 Скородумова Л.Г. Кости в монгольских обрядах и поверьях: предварительные материалы / Л.Г. Скородумова, А.А. Соловьева // Mongolica. — 2014. — Т. 3. — С. 52–64.

Л.Т. Тлегенова, А. Маулет, Т.Т. Аршабеков

## **Поверия, связанные с охранительной силой каржилик (лучевая кость) (по этнографическим материалам Сарыарки)**

В культуре казахского народа важное место занимают его верования, обычаи и традиции. Они тесно связаны с прошлой историей нации, ее настоящим и будущим. Это культурное наследие, складывавшееся на протяжении тысячелетий, предлагает целую систему мировоззрения этноса и способов взаимодействия с окружающей средой. В настоящее время, несмотря на распространение глобализации и научного мировоззрения, этнические ценности сохраняются во многих сферах традиционной культуры. Кроме того, хотя ислам в качестве основной религии в казахской степи на протяжении нескольких столетий распространялся, традиционное мировоззрение показало свою жизнеспособность среди народа. Сегодня в каждом регионе страны есть хранители и продолжатели древних традиций. Важно собирать и распространять информацию о них. В статье авторы рассматривают современное состояние сохранности этнических ценностей на примере поверия, связанного с охранительной силой каржилик (лучевая кость). В качестве основных данных были взяты материалы этнографической экспедиции, проведенной в Сарыарке.

*Ключевые слова:* каржилик (лучевая кость), кости, верования, суеверия, Сарыарка, народ, ценности, традиция, этнография, преемственность поколений.

L.T. Tlegenova, A. Maulet, T.T. Arshabekov

## **Beliefs associated with protective powers karzhilik (radius bone) (based on ethnographic materials from Saryarka)**

In the Kazakh culture beliefs, customs and traditions occupy an important place. They are closely interrelated with the past history of the nation, its present and future. This cultural heritage, which has evolved over thousands of years, provides a whole system of ethnic worldviews and ways of interacting with the environment. Currently, despite the spread of globalization and the scientific worldview, ethnic values are preserved in many areas of traditional culture. In addition, although Islam is spread over several centuries as the main religion in the Kazakh steppe, the traditional worldview showed its vitality among the people. Today, in every region of the country there are preachers of ancient traditions. It is crucial to collect and disseminate information about them. In the article, the authors examine the current situation of preservation of ethnic values utilizing the example of beliefs associated with the radius. The main information was taken from the materials of the ethnographic expedition conducted in the Saryarka region.

*Keywords:* karzhilik (radius bone), bones, beliefs, superstitions, Saryarka, people, values, tradition, ethnography, continuity of generations.

### References

1 Konventsiia ob okhrane nematerialnogo kulturnogo naslediiia [Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage]. Retrieved from [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/cultural\\_heritage\\_conv.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml) [in Russian].

2 Mezhdunarodnaia konventsiia ob okhrane nematerialnogo kulturnogo naslediiia. Parizh, 17 oktiabria 2003 g. [International Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage Paris, October 17, 2003]. Retrieved from [http://ich.unesco.org/doc/src/2003\\_Convention\\_Basic\\_Texts-\\_2018\\_version-RU.pdf](http://ich.unesco.org/doc/src/2003_Convention_Basic_Texts-_2018_version-RU.pdf) [in Russian].

3 «Materialdyq emes madeni murany qorgau turaly konventsiiany ratifikatsiialau turaly» Qazaqstan Respublikasy Zanynyn zhobasy turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2011 zhylygy 1 mausymdagy N 613 Qaulysy [Decree of the Government of the



Republic of Kazakhstan dated June 1, 2011 No. 613 on the draft Law of the Republic of Kazakhstan “On ratification of the Convention for the Safeguarding of Intangible Cultural Heritage”. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000613> [in Kazakh].

4 Qazaqstan Respublikasynda materialdyq emes madeni murany qorgau zhane damytu zhonindegi tyzhyrymdama turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2013 zhylygy 29 sauirdegi N 408 qaulysy [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated July 29, 2013 No. 408 on the protection of intangible cultural heritage in the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> [in Kazakh].

5 Alimbai, N. (Eds.). (2012). Qazaqtyn yetnografiialyq kategoriialar, ugymdar men ataularynyn dastyrly zhıyesi [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names]. Almaty: RPK SLON [in Kazakh].

6 A. Smagulovpen sukhbat. 2022 zh. [Interview with A. Smagulov. 2022] [in Kazakh].

7 Kurshuk, E. (2022). Etnograficheskaia redkost: muzei Peterburga khranit kazahskie amulety dlia verbluzhat [Ethnographic rarity: the St. Petersburg Museum stores Kazakh amulets for camel cubs]. Retrieved from <http://mir24.tv/news/16504493/etnograficheskaya-redkost-muzei-peterburga-hranit-kazahskie-amulety-dlya-verblyuzhat> [in Russian].

8 Ualihanov, Sh. (2013). Taniri. Tandamaly [Tengri. Selected]. Almaty: Poligrafkombinat [in Kazakh].

9 Shternberg, L.Ya. (1936). Pervobytnaia religiia v svete etnografii [Primitive religion in the light of ethnography]. Leningrad [in Russian].

10 Suraganova, Z.K., & Kazanbaeva, Z.Z. (2022). Kult kuzneta u kazakhov: traditsionnye predstavleniia, ritualnye, mifologicheskie i folklornye aspekty [The cult of the blacksmith among the Kazakhs: traditional ideas, ritual, mythological and folklore aspects]. *Arheologıia Evraziiskikh stepei — Archaeology of the Eurasian Steppes*, 2, 115–121 [in Russian].

11 Maulet, A. (2022). Aqmola oblysynyn materialdyq emes madeni murasy: keshendi ekspeditsiialyq zertteuler. I tom = Nematerialnoe kulturnoe nasledie Akmolinskoi oblasti: kompleksnye ekspeditsionnye issledobaniia. I tom = Intangible cultural heritage of the Akmola region: comprehensive expeditionary research. Vol. I. Astana [in Kazakh, in Russian, in English].

12 E. Serimovpen sukhbat. 2022 zhyl [Interview with E. Serimov. 2022] [in Kazakh].

13 Skorodumova, L.G., & Soloveva, A.A. (2014). Kosti v mongolskikh obriadakh i poveriakh: predvaritelnye materialy [Bones in Mongolian rituals and beliefs: preliminary materials]. *Mongolica*, 3, 52–64 [in Russian].

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Тлегенова Лора** — т.ғ.к., археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0006-9519-2376>

**Маулет Ардаби** — PhD, постдокторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-7625-0407>

**Аршабеков Темиргали** — тарих магистрі, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0002-9924-4832>

#### Information about the authors

**Tlegenova Lora** — Candidate of historical sciences, associate professor of the Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.

**Maulet Ardabi** — PhD, postdoctoral fellow, L.N. Gumiliyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Arshabekov Temirgali** — Master of history, senior lecturer of the Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.